

«Келісілді»
«Айгөлек» МКҚК бөбекжайы
әдіскері: Дар Жанбыршина, С. Б

«Бекітілді»
«Айгөлек» МКҚК бөбекжайы
менгерушісі: А.А.Ибрашева

**«Ақерке» ересек аралас тобында ұйымдастырылған
«Денсаулық» білім беру саласы бойынша дене шынықтыру оқу
қызметінің
перспективалық-тақырыптық жұмыс жоспары
2021-2022 оқу жылы**

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Т.Ж.Толеуова

Тайнақ

Түсінік хат

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны балалардың толыққанды денесі мен психикалық дамуына, ағзаларын шынықтыруға, негізгі қимылдарын дамытуға, баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өзінің әрекетін қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына баулуға жағдайлар жасауға бағытталған.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйек бағдарламасы талап ережелеріне сүйене отырып, ҚР Білім министрілігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2020-2021 оқу жылында ҚР білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатқа сүйене отырып, 2020-2021 жылдың перспективалық жылдық жоспар құрылды. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы асыру жоспарланған. Әр жас топтарына бөлінген 2020 жылғы 12 мамыр №195 бұйрығын І-қосымшада берілген үлгілік оқу жоспарында көрсетілгендей ересек топ жас ерекшелігіне қарай апталық сағат саны 3 сағат. Жылдық сағат саны 108. Ал оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут. Жас ерекшеліктеріне сай сақталған оқу бағдарламасына сүйеніп «Денсаулық» әдістемелік құралдарды пайдалана отырып перспективалық жұмыс жоспарымды құрып аламын. Ұйымдастырылған оқу қызметі техникалық картада көрсетілген. Дене шынықтыру нұсқаушысы ретінде дене шынықтыру оқу қызметін ұйымдастыруда балалардың қозғалысын жетілдіріп, қимылдық дағдыларын, дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін дамытып және дене бітімінің дұрыс қалыптастыруына, қимыл-қозғалыс ойын әрекеттерін орындауға ынталандырамын. Қимыл-қозғалыс ойындарын жүргізу әдістемесінің ерекшелігі-баланың көңілді өмірге шаттықпен қарауына және ақыл-ойының дамуына әсер ететін дұрыс фактордың бірі ретінде қарастырылады. Балалардың қимыл-қозғалыс әрекетін қимылды ойындар арқылы қалыптастыруда ағзаның жалпы дамуын тездететін жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, еңбектеу, өрмелеу элементтерін меңгертуге жұмыстанамын.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша
«Дене шынықтыру» пәнінің мақсат-міндеттері

2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда меншік нысанына түрлері мен типтеріне қарамастан білім беру процесі **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жыл 5 мамыр №182 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай бекітілген.** «Денсаулық» білім беру саласының мазмұны балалардың толыққанды денесімен психикалық дамуына, ағзаларын шынықтыруға, негізгі қимылдарын дамытуға, баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өзінің тіршілік әрекетінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына баулуға жағдайлар жасауға бағытталған.

Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;
- мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;
- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;
- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;
- жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;
- бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.

Жыл соңында бағдарлама материалдарын меңгерулері бойынша күтілетін нәтиже:

- негізгі қимылдарды орындайды;
- бір-бірден, шеңберге қайта тұрады, саптағы өз орнын табады;
- денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;
- биік емес төбеден сырғанайды, бір-бірін сырғанатады;
- үш дөңгелекті велосипед тебе алады;
- суға түседі, суда ойнайды;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауда дербестік танытады.

«Ақпан» айының 2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің бағдарламасы

Ұйымдастырылған оқу қызметі I апта					
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім беру салалары					
Денсаулық 3		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
Қатынас 2,5	Сөйлеуді дамыту		Көркем әдебиет		Орыс тілі
Таным 2,5		Жаратылыстану	Математика негіздері		
Шығармашылық 3,5	Музыка	Мүсіндеу			Сурет салу
Әлеумет 0,5				Қоршаған ортамен танысу	
Вариабельдік			Әдептілік әлемінде	«Қоршаған әлем ғажайыптары» жоба	
Компонент 2					

Ұйымдастырылған оқу қызметі II апта

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім беру салалары					
Денсаулық 3		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
Қатынас 2,5	Сөйлеуді дамыту		Көркем әдебиет		
Таным 2,5		Жаратылыстану	Математика негіздері	Құрастыру	
Шығармашылық 3,5	Музыка	Жалпырау		Музыка	Сурет салу
Әлеумет 0,5					
Вариабельдік		Билім болғым келеді		«Қоршаған әлем ғажайыптары» жоба	
Компонент 2					

Ұйымдастырылған оқу қызметі III апта

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім беру салалары					
Денсаулық 3		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
Қатынас 2,5	Сөйлеуді дамыту		Көркем әдебиет		Орыс тілі
Таным 2,5		Жаратылыстану	Математика негіздері		
Шығармашылық 3,5	Музыка	Мүсіндеу			Сурет салу
Әлеумет 0,5				Қоршаған ортамен танысу	
Вариабельдік			Әдептілік әлемінде	«Қоршаған әлем ғажайыптары» жоба	
Компонент 2					

Ұйымдастырылған оқу қызметі IV апта

Білім беру салалары					
Денсаулық 3		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру
Қатынас 2,5	Сөйлеуді дамыту		Көркем әдебиет		
Таным 2,5		Жаратылыстану	Математика негіздері	Құрастыру	
Шығармашылық 3,5	Музыка	Жалпырау		Музыка	Сурет салу
Әлеумет 0,5					
Вариабельдік		Билім болғым келеді		«Қоршаған әлем ғажайыптары» жоба	
Компонент 2					

МҚД бағдарламасын ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі: 12 сағат

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 20-25 минут

Вариабельдік компонент: 2

**«Ақерке» ересек аралас тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің
перспективалық жоспар үлгісі «Денсаулық» білім беру саласы
Дене шынықтыру**

№	Өтпелі тақырыбы	Тақырыбы	Оқу қызметінің мақсаты	Қолданылатын көрнекі құралдар және қимылды ойындар.	Сағ	Уақыты
1	Балабақша	Қатар түзеп сапқа тұру	Балаларды қатар түзеп сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; бір тізбекте сапта жүру және бір тізбекте жүгіру дағдыларына жаттықтыру; бала адымындай қашиқтықта қойылған текшелерден аттай отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүру және балаға ыңғайлы үлкен үрмелі допты домалата отырып, мәрелі жерге жету ептілігін жетілдіру; зал алаңында сапта жүріп келе жатып, жүгіруге ауысу дағдыларына үйрету. Балаларды оқу қызметінде жолдастық қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, жаттығуларды орындау барысында ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; қызығушылығы мен белсенділігін арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: бір тізбекте сапта жүру және бір тізбекте жүгіру дағдыларын; Түсінеді: жаттығуларды дұрыс орындау керектігін; Қолданады: бала адымындай қашиқтықта қойылған текшелерден аттай отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүру және балаға ыңғайлы үлкен үрмелі допты домалата отырып;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жаттығу түрлеріне байланысты жануарлар суреттері, бала жасына лайықты үрмелі доптар Ойын: "Кенгуру"шарты: Балалар екі қатарға бөлініп, қашиқты екі аяғына киіп алып, қос аяқпен секіріп белгілеген межеден айналып келу. Ойын осылай жалғасын табады.	1	01.09.21
2	Ұйымшыл балалар		Балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету; бірқалыпты жүгіру дағдыларын дамыту; дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытуға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: сапта бір-бірлеп жүру, жүгіру дағдыларын; Түсінеді: заттар арасымен доптарды домалатуды; Қолданады: жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар, текшелер, кеглилер. "Күн мен Түн"шарты: Балалар бірі «күн», екіншісі «түн» тобы болып екіге бөлінеді. Оралдың бірі-бірінен, өз үйлері болады. Нұсқаушының көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Нұсқаушы «күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	1	03.09.21

3	Достар жұптары	Балаларды допты жоғары лақтыруға үйрету; сапта бір-бірлеп жүру; қимылды ойын арқылы заттар арасымен доптарды домалату дағдыларын дамыту; дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытуға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: қимылды ойындардың ережелерін; Түсінеді: заттар арасымен доптарды домалату дағдыларын; Қолданады: жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар, тор, кеглилер, текшелер. "Заттар арасымен"шарты: Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында текшелерден кедергі 3 заттар болады. Балалар заттар арасымен құрсауларды домалату керек. Ең бірінші болып қай топтың балалары толықтай заттар арасымен құрсауларды домалатады, солар жеңіске жетеді.	1	07.09.21
---	----------------	---	--	---	----------

4	Бір-бірден қатарға тұру.	Балаларда бір-бірден қатарға тұру және қатарға өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; ұзындыққа екі аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалауда ептілік пен дәлдік дағдысын жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып педагогтің белгі беруі бойынша пингвин сияқты жүру дағдыларына жаттықтыруда зейіні мен есту қабілетін қалыптастыру. Оқу қызметінде жолдастық қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметіне қызығушылықтары мен мәдени-тазалық дағдыларын және белсенділігін арттыру Күтілетін нәтиже: Орындайды: түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүруді; Түсінеді: ұзындыққа екі аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалауды; Қолданады: жаттығулардың бастапқы техникасын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар, пингвин смайликтер "Күнді ұтып алайық"шарты: Екі командаға бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтыру. Қазір сендерге сап-сары күн сияқты допты қалай лақтыру керек екенін көрсетемін, допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруымыз керек. балалар негізгі нүктеден шықпай, допты ережеге сай дәлдеп лақтырулары тиіс. Допты нысанаға дәлдеп лақтырған команда балалары жеңіске жетеді.	1	08.09.21
---	--------------------------	---	---	---	----------

5	Қатардан қалма	Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруге үйрету; 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеуге үйрету; қимылды ойын арқылы бірқалыпты жүгіру дағдыларын дамыту; дене жаттығуларын орындауға қызығушылық таныту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеуді; Түсінеді: қимылды ойын арқылы бірқалыпты жүгіруді; Қолданады: жүруді жүгірумен кезектестіруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, текшелер. "Кедергілерден өт"шарты: Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында 8 м дейінгі қашықтықта кеглилерден, текшелерден кедергі заттар болады. Балалар заттарға дейін төрттағандап еңбектеп бару керек. Ең бірінші болып қай топтың балалары толықтай заттарға дейін төрттағандап еңбектеп барады, сол топ жеңіске жетеді.	1	10.09.21
---	----------------	---	--	---	----------

6	Қатарда жүріс түрлері	Балаларда бір-бірден қатарға тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; тақтайда көлденеңінен еңбектеуге үйрету; қимылды ойындар арқылы 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеуге үйрету; қимылды ойын арқылы бірқалыпты жүгіру іскерліктерін дамыту; қозғалыстарды үйлестіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: тақтайда көлденеңінен еңбектеуді; Түсінеді: бір-бірден қатарға тұруды; Қолданады: ептілік, икемділік дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орындық, текшелер. "Кедергілерден өт" Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында 8 м дейінгі қашықтықта кегілерден, текшелерден кедергі заттар болады. Балалар заттарға дейін төрттағандап еңбектеп бару керек. Ең бірінші болып қай топтың балалары толықтай заттарға дейін төрттағандап еңбектеп барады, сол топ жеңіске жетеді	1	14.09.21
7	Бір орыннан биікке секіру	Балаларды достық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Түсінеді: жаттығуларды дұрыс орындау керектігін; Қолданады: бір орнында тұрып қос аяқпен секіруді;	дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, секіруге арналған таяқша, доға, губка төсеніш, күн смайликтері "Күн мен жаңбыр" шарты: Нұсқаушы балаларды сапқа тұрғызып: - Балалар, қазір біз "Күн мен жаңбыр" қимылды ойынын ойнаймыз. Ол үшін алдымен үлкен, әдемі шеңбер жасап алайық. Балалар педагогтің айтуы бойынша үлкен шеңбер жасайды.	1	15.09.21
8	Шынықсаң - шымыр боласың	Балаларды құрсауларды домалатуға үйрету; сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындар арқылы орындықта көлденеңінен еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын ояту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: құрсауларды домалату; сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіру Түсінеді: қимылды ойын шарттарын; Қолданады: жаттығулардың бастапқы техникаларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, құрсаулар, орындық, текшелер. "Заттар арасымен"шарты: Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында текшелерден кедергі 3 заттар болады. Балалар заттар арасымен құрсауларды домалату керек. Ең бірінші болып қай топтың балалары толықтай заттар арасымен құрсауларды домалатады, солар жеңіске жетеді.	1	17.09.21
9	Біз алғырмыз	Балаларды аяқтың ұшымен жүгіру; гимнастикалық орындықпен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; сапта бір-бірлеп жүру дағдыларын дамыту; қол мен аяқ қимылын үйлестіру; балаларда қимылды ойындар арқылы құрсауларды домалату дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: гимнастикалық орындықпен тепе-теңдікті сақтап жүруді; Түсінеді: қимылды ойындар арқылы құрсауларды домалату дағдыларын; Қолданады: сапта бір-бірлеп жүру дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, гимнастикалық орындық, құрсаулар. "Гимнастиылар"шарты: Нұсқаушы балаларды бірінің соңынан бірін тұрғызады. Өздерін гимнастиылар секілді сезініп, гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру керектігін айтады.	1	21.09.21

10	Бөренемен төрттағандап жүру	Балаларды қатарда бірінің артынан бірі жүруге жаттықтыруда аяқ және табан бұлиық еттерін дамыту; сапқа өз еріктерімен тұруда ептілікке баулу; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдау кезінде дене мүшелері үйлесімділігін сақтауға машықтандыру; бөренеде отырып, төрт тағандап жүру және жіптің бойымен табанды жерге толық тигізіп, ұсақ адыммен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауға дағдыландыру; қатардан сапқа, саптан қатарға ауысу дағдыларына жаттықтыру. Балаларды адамгершілік қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметінде мәдени-тазалық дағдыларына жаттықтыру және белсенділіктерін көтеру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: бөренеде отырып, төрт тағандап жүру және жіптің бойымен табанды жерге толық тигізіп; Түсінеді: ұсақ адыммен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауды; Қолданады: қатардан сапқа, саптан қатарға ауысу дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, арқан, жіпшелер, құрсаулар "Маймылдар"шарты: Нұсқаушы екі командаға бөлінесіңдер де алдымен бөрене үстімен отырған күйде жүріп өтесіңдер. Одан жүгіріп отырып, құрсаудан аттап, жерде тұзу жатқан жіптің үстімен екі қолдарыңды жандарыңа жіберіп, жүресіңдер. Соңында жерде жатқан таяқшалардан төрт тағандап жүріп, орындарыңа қайтып келесіңдер. Қай команда балалары тез бітеді, сол команда жеңіске жетеді."	1	22.09.21
11	Кедергіден өту амалдары	Балаларды бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуға (1,5 м қашықтықта) үйрету; аяқтың ұшымен жүгіру техникасын жетілдіру; дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытуға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта); Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: аяқтың ұшымен жүгіру техникасын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар. "Секірейік көңілді" шарты: Балалар шеңбер бойында тұрады, педагогтің соңынан бір орында тұрып секіру жаттығуын қайталайды.	1	24.09.21
12	Кедергілерден өту ойындары	Балаларды тізені жоғары көтеріп жүгіруге үйрету; гимнастикалық орындықпен жүру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуға (1,5 м қашықтықта) дағдыларын дамыту; тепе-теңдікті сақтауға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: негізгі қимыл жаттығуларын; Түсінеді: тізені жоғары көтеріп жүгіруді және гимнастикалық орындықпен жүруді; Қолданады: түрлі жағдайда тепе-теңдікті сақтау дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар, гимнастикалық орындық. "Гимнастиылар"шарты: Нұсқаушы балаларды бірінің соңынан бірін тұрғызады. Өздерін гимнастиылар секілді сезініп, гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру керектігін айтады.	1	28.09.21

13	Саришұнақтай жылдам болайық		Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге дағдыландыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; ілулі тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын қалыптастыру; қатарда жүріп келе жатып, педагогтің белгісі бойынша тоқтау және педагог белгісі бойынша жүгіру дағдыларына машықтау. Балаларды бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, тәрбиелеу; оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа және ізгілік ережелерін;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жапырақтар, орташа доп, жапырақтар. "Саришұнақ" шарты: Нұсқаушы балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, саришұнақ сияқты жүгіріп кеп, азықты жегендей қимыл көрсету керектігін және жүру керектігін тағы да балалардың есіне салады. Саришұнақ сияқты жүру техникасын педагог өзі көрсетіп, балалармен бірге ойнайды.	1	29.09.21
14	«Алтын күз»	Күздің қызықтары	Балаларды жүруді секірумен кезектестіруге үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуге үйрету; сапта бір-бірлеп жүру; бір орында тұрып секіру дағдыларын дамыту; тепе-теңдікті сақтауға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді; Түсінеді: жүруді секірумен кезектестіруді; Қолданады: тепе-теңдік сақтап жүруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, қап, құрсаулар. Бала санына байланысты жапырақтар. "Басына қап қою"шарты: Басына қап қойып, белгілі бір жерге дейін жету, отыру, тұру, заттарды аттап өту, айналып бұрылу және қайтадан орнына келу.	1	01.10.21
15	Күзгі жолдар үстіндегі ойындар		Балаларды кіші және үлкен қадаммен жүгіру; тақтайда көлденеңінен еңбектеуге үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өту, өту, бұрылу дағдыларын дамыту; дене қасиеттерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: тақтайда көлденеңінен еңбектеуді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: кіші және үлкен қадаммен жүгіруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, тақтай. Бала санына байланысты секіртпе, қап. "Көңілді еңбекте"шарты: Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Әр топ балаларға педагог белгілеген межеге дейін тақтайда көлденеңінен еңбектеу арқылы жету керек. Ең бірінші болып жеткен топ балалары, жеңіске жетеді.	1	05.10.21

16	Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру	Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерін есте сақтауға және қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру; бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүргізу арқылы аяқ, табан бұлшық еттерін дамыту; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетіне машықтандыру; жерде жатқан жіпті табанымен көлденеңнен басып жүру арқылы кубиктен аттап, жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру кезінде зейіні мен байқампаздығын қалыптастыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына әрі қарай жаттықтыру. Балаларды бір-біріне деген мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметіне белсене араласуы мен қызығушылықтарын арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: ептілік пен жылдамдық қасиеттерін;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жапырақтар, арқанша, құрсау, кубик, еңкіс тақтай, жапырақтар "Аю мен аралар"шарты: Омарта алаңының бір жағында болады. Бір шетте аюдың,араның үңгірі. Ойыншылар тең емес екі топқа бөлінеді.Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады.Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді. Нұсқаушы: «Аюлар!»- дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады. Үлгере алмаған аюды аралар шағып алады. Ара шаққан аюлар келесі ойынға қатыспайды.	1	06.10.21
17	Тақтайдің үстімен біз қалай жүре білеміз	Балаларды екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруға үйрету; жүруді секірумен кезектестіру; тақтайда көлденеңінен еңбектеу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: жүруді секірумен кезектестіру;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар, тақтай ,бала санына байланысты жапырақтар. "Кім шақырғанын анықта!" шарты: Нұсқаушы балалар дөңгелене тұрады. Ортаға бір баланың көзін байлап шығарады. Балалардың біреуі баланың атын атайды, көзі байланған бала өзінің атын кім айтқанын дауысынан тану керек.	1	08.10.21
18	Баланс сақтамай аламыз	Балаларды сапта бір-бірлеп жүгіруге; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету; кіші және үлкен қадаммен жүгіру; екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып,10 рет секіру); дағдыларын жетілдіру; қимылды ойындар арқылы берілген бағытта допты домалату іскерліктерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: қимылды ойындар арқылы берілген бағытта допты домалату тәсілдерін;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық қабырға, бала санына байланысты секіртпелер, доптар. "Доптар жарысы"шарты: Нұсқаушы әр балаға доп таратып береді алаңда еркін орналасады. Нұсқаушы белгісінен кейін балалар белгілі бір сызыққа дейін берілген бағытта допты домалату керек. Белгіленген сызыққа дейін бірінші болып допты домалатып жеткізген бала жеңіске жетеді.	1	12.10.21

19	Допты қақпаға дәлдеп домалату	Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен қолдарын жанына жіберіп, дене тепе-теңдігін сақтай жүре отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату және губка төсеніштің үстінде аунап, домалау дағдысын жетілдіру; саптан қатарға, қатардан сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру; "Ас атасы – нан" сөзінің мағынасын ашу. Күтілетін нәтиже: Орындайды: допты қақпаға дәлдеп домалату және губка төсеніштің үстінде аунап, домалауды; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: саптан қатарға, шашылып қайта қатарға тұру дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орташа доп, киілме көбелектер "Ара доп"шарты: Балалар екі командаға бөлінеді, бір командадан бір бала ортада болады, қарсы команда балалары екі жақта екеуден тұрып, ортадағы балаға доп лақтырады. Ортадағы бала допты ойын біткенше денесіне тигізбесе, жеңген болады. Егер, доп денесіне тисе, жеңіледі. Онда келесі командадан бір бала ортаға шығып, қарсы команда балалары ортадағы балаға екі жақтан доп лақтыра бастайды. Ортадағы балаға доп тигенше ойын жалғаса береді.	1	13.10.21
20	Етті баламыз	Балаларды табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуге үйрету; бірбірлеп жүгіру; кіші және үлкен қадаммен жүгіру; екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); сапқа тұру дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орындықтар "Өз түсіңді тап!"шарты: Балаларға екі түсті жалаушалар беріледі. Нұсқаушы белгісі бойынша олар белгілі бір түстегі жалаушамен педагогке қарай жүгіреді. Ойын соңында балалар жалауша ұстап, бір-бірден бір сапқа тізіліп жүреді, жалаушаларды бұлғайды.	1	15.10.21

21	Мергендер жарысы	Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруге үйрету; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орындықтар. "Кешігіп қалма" шарты: Нұсқаушы балаларды екі қатарға бөледі. Ойын жарыс түрінде өтеді. Бір қатарға 2-3 орындық қойылады. Орындықтардың алдында және артында 3 м қашықтықта сызықтар сызылған. Балалар кезекпен бірінші сызықтан орындықтарға дейін төрттағандап еңбектеп барады. Орындарынан тұрып екінші сызыққа дейін жүгіреді. Алақандарын соғып, кері қайтады. Қай топтың балалары толықтай төрттағандап еңбектеп, бірінші болып жетеді. Сол топтың балалары жеңіске жетеді	1	19.10.21
22	Алға жүрелеп жылжу	Балаларды мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: негізгі қимыл жаттығуларын қызығушылықпен; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, киімге көбелектер, үлкен екі құрсау "Құстар" шарты: Балаларға құтан, тоқылдақ, торғай, шымшық сияқты құстардың суреттерін интербелсенді тақтадан көрсетеді. Екі команданың балалары сол құстардың қимыл-әрекеттерін салып, жарысулары қажет. Жеңген команданы педагог балалармен бірге анықтайды.	1	20.10.21
23	Арақашықты сақтау амалдары	Балаларды ойлы-қырлы тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауға; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіруге үйрету; сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіруді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: шеңберде жүріп белгі бойынша бір қатарға тұруды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, ойлы-қырлы тақтай, кеглилер, доптар. "Қос аяқпен секір" шарты: Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың балалары кезектесіп, нұсқаушы белгілеген межеге дейін алға ұмтыла қос аяқпен секіріп жетуі керек. Ең бірінші болып келген топ балалары жеңіске жетеді.	1	22.10.21

24	Саптарда кім бар?	Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүруге үйрету; қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүруді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: қимылды ойындардың ережелерін;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, тақтай, кеглилер. "Ұйқыдағы түлкі!" шарты: Нұсқаушы балалар арасынан "түлкі" сайланады. Ол алаңның бұрышына тұрады да, ұйқыға кеткендей кейіп танытады. Балалар алаңда түрлі бағытта жүгіріп ойнайды. Жүргізуші: "Түлкі оянды" дегенде, барлық бала "түлкіден" сызықтыңарғы жағындағы "үйге" қашады. "Түлкі" оларды қуалап ұстауға тырысады.	1	26.10.21
25	Кедергілерден секіру	Балаларды сапта бірінің артынан бірі тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру; сапта шашырап жүгіру дағдыларына машықтау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыру; бір қатарға қойылған (5 м) кегли-лардың арасымен оң және сол аяқпен кезек секіру дағдысына үйрету; сапта 3 метр қашық-тықта аяқтарын ашақ қойып, допты екі қолымен бір-біріне қарама-қарсы тұрып лақтыруға жаттықтыру; жомарт күз тура-лы ұғым беру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: гимнастикалық тақтаймен жүріп келе жатып, қолындағы кішкентай допты оң қолдан сол қолға ауыстыру, алдына және артына ұстап, ауыстыруды; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: сапта шашырап жүгіру дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай доптар кішкентай доптар "Қоян" шарты: - Балалар, кім қоян болғысы келеді екен? Сәбізді қалай жейді екен, қалай секіреді екен, қоян сияқты қалай жүгіреді екен, маған ойын кезінде көрсетіңдерші! - деп, балаларды ойынның алдында белсендендіріп алады да ойын кезінде өзі басшылық жасап отырады. Балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп кеп, сәбізді жегендей қимыл көрсету керектігін және жүру керектігін тағы да балалардың есіне салады. Қоян сияқты жүру техникасын педагог өзі көрсетіп, 5 бала-лармен бірге ойнайды.	1	27.10.21
26	Кедергілерден сүрінбей өтіп көр	Балаларды қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіруге; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыруға үйрету (2 м қашықтықтан); балаларда сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтауға үйрету Күтілетін нәтиже: Орындайды: допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыруды (2 м қашықтықтан); Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: бой түзулігін дұрыс сақтау ережесін;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар, себет. "Допты қуалап ұста!" шарты: Нұсқаушы қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артына жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады.	1	29.10.21

27	«Бізді қоршаған орта»	Озамын десең - зерек бол	Балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұруға; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіруге үйрету; балаларда жүруді секірумен кезектестіру; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру дағдыларын әрі қарай дамыту; қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Орындайды: 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіруді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: қатарға бір-бірден сапқа тұруды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар. Бала санына байланысты доптар. "Кедергілерден оңай өтеміз" шарты: Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Әр топ алдында түрлі кедергілер тұрады. Кедергілерден балалар "жылан" тәрізді жорғалап өту керек. Нұсқаушы белгілеген межесі дейін қай топтың балалары толықтай жетсе, солар жеңіске жетеді.	1	02.11.21
28	Пингвинше қос аяқтап секіру		Балалар бірінен кейін бірі сапқа тізіліп, аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; құрсауға денесін тигізбей, бір қырымен кіру; құм салынған қапшаны басына қойып текшелерден аттап өту; қапты екі аяқтың арасына қысып пингвин сияқты қос аяқтап секіру дағдысына үйрету; сапта тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын әрі қарай жетілдіру; көлік туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды ептілік пен жылдамдыққа үйрету, мәдениеттілік пен адамгершілік қасиеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: қапты екі аяқтың арасына қысып пингвин сияқты қос аяқтап секіру дағдысын; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: ептілік пен жылдамдық, мәдениеттілік пен адамгершілік қасиеттерін;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай доптар, екі үлкен құрсау, текшелер. Кішкентай доптар. "Пойыз" шарты: Балалар, бұл ойын сендерге таныс. Сендер есейіп қалдыңдар, жылдамдықтарың бұрынғыдан да арта түсті. Осы жолы бұрынғыдан да керемет ойнайсыңдар деп сенемін. Нұсқаушы балаларды бірінің артынан бірін қатарға тұрғызады. Барлығы вагон болатындарын айтады. Паровоз нұсқаушының өзі болады. Қатарда тұрған әр бала алдыңғы тұрған баланың белінен ұстап, нұсқаушының белгісі бойынша ақырындап жүру керектігін айтады. Балалар музыка әуенімен пойыз жүрісіне салып жүреді. Музыканы мұқият тыңдап, жүрісін ырғақпен бірге саламыз.	1	03.10.21
29	Сан түрлі секіре аламыз		Балаларды шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеуге үйрету; балаларда қатарға бір-бірден сапқа тұру дағдыларын дамыту; бой түзулігін дұрыс сақтау. Күтілетін нәтиже: Орындайды: гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеуді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық қабырға, кеглилер "Ирелеңдеген соқпақ жол" шарты: Кеглилердің арасымен көз байланған қалыпта жүріп өтеді.	1	05.11.21

30	Ойын шартын ұстанайық	Балаларды қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету; балаларда 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеу дағдыларын дамыту; икемділік танытуға ынталандыру Күтілетін нәтиже: Орындайды: қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: екеуден, үшеуден қатарға қайта тұруды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық қабырға. Бала санына байланысты кішкентай доптар. "Өрт сөндірушілер"шарты: Нұсқаушы балаларды екі қатарға бөледі. Балалар гимнастикалық қабырғадан 4-5 қадам ашақ тұрады. Нұсқаушының белгісі бойынша әр қатардан 3 бір бала гимнастикалық қабырғаға аралықтан аралыққа өрмелеп шығу керек. Гимнастикалық қабырға басында ілініп тұрған қоңырауды соғып, қайтадан төмен түседі де, қатардың соңына барып тұрады. Бірінші болған қатар жеңіске жетеді.	1	09.11.21
31	Бір жанымен шапшаң қадаммен жүру	Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруде дене, аяқ, табан бұлиық еттерін дамыту; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық орындықтың үстімен қолдарын белдеріне қойып, бір жанымен шапшаң қадаммен жүріп өту, жерде 50 см қашықтықта жатқан арқаншалардан (4-5 дана) екі аяғымен секіру және допты екі қолымен 3 м қашықтықта сапта тұрып, көкірегінен лақтыру (баскетболша лақтыру тәсілімен) дағдыларына жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: жерде 50 см қашықтықта жатқан арқаншалардан (4-5 дана) екі аяғымен секіру және допты екі қолымен 3 м қашықтықта сапта тұрып, көкірегінен лақтыруды (баскетболша лақтыру тәсілімен) Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық орындық, арқаншалар, доп "Кім тез жүгіреді?"шарты: Нұсқаушы балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі	1	10.11.21

32	Аңдар жүргістеріне еліктетік	Балаларды педагогтің түрлі нұсқаулары бойынша жүгіруге үйрету; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) үйрету; балаларда қолдарын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруді (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см); Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: жаттығулардың бастапқы техникасын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта. "Ұстапал" шарты: Балалар "жүргізушіні" таңдап алады. Балалар "жүргізушімен" бірге жүреді, жүгіреді, белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіреді. Нұсқаушының "Ойынды бастаймыз" белгісі бойынша балалар "жүргізушіден" жан-жаққа жүгіре бастайды. Жүргізуші жүгіріп жүрген балаларды ұстап алуға тырысады. Жүргізушінің қолы тиген балалар, нұсқаушының жанындағы орындыққа барып отырады. Соңынан ұсталынған балалар саналады да, жаңа "жүргізуші" тағайындалады	1	12.11.21
33	Ойын жүргізуші	Балаларды бір орында оңға, солға бұрылып секіру; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуға (қатарынан 3–4 рет) үйрету; балаларда түрлі нұсқаулары бойынша жүгіруге; 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту; ептілікті, қозғалыстарды үйлестіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды (қатарынан 3–4 рет); Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: бір орында оңға, солға бұрылып секіруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар. Бала санына байланысты жалаулар. "Ұстап ал" шарты: Балалар "жүргізушіні" таңдап алады. Балалар "жүргізушімен" бірге жүреді, жүгіреді, белгілі бір қарқынмен және ырғақпен секіреді. Нұсқаушының "Ойынды бастаймыз" белгісі бойынша балалар "жүргізушіден" жан-жаққа жүгіре бастайды. Жүргізуші жүгіріп жүген балаларды ұстап алуға тырысады. Жүргізушінің қолы тиген балалар, педагогтің жанындағы орындыққа барып отырады.	1	16.11.21

34	Арқан астынан еңбектеу	Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруге жаттықтыру; шеңберде жүріп келе жатып, сапқа екі-екіден тұру қабілетін жетілдіру; биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларына үйрету; гажайыптар әлемі туралы ұғ Күтілетін нәтиже: Орындайды: биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіруді Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық орындық, арқан, құм салынған қапшалар "Кім тез жүгіреді?" шарты: Нұсқаушы балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Нұсқаушы жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	1	17.11.21
35	Игіліш боламыз	Балаларды жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуге үйрету; балаларда бір орында оңға, солға бұрылып секіру іскерліктерін жетілдіру Күтілетін нәтиже: Орындайды: жетекшімен ауыса отырып жүгіруді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: түрлі тапсырмаларды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, құрсаулар. Бала санына байланысты жалаулар "Кім тез қимылдайды" шарты: Нұсқаушы балаларды екі топқа бөледі. Балалар бір-бірінің соңында қатар болып тұрады. Әр топтың алдында тігінен орналасқан құрсаулар тұрады. Нұсқаушының белгісінен кейін балалар құрсаулардан еңбектеп өту керек. Қай топтың балалары бірінші болып құрсаулардан өтсе, сол топ жеңіске жетеді.	1	19.11.21
36	Қимылдар-ды қалай танимыз?	Балаларды 20-25 см биіктікке секіру; гимнастикалық қабырға бойынша оңға, солға ауысу арқылы өрмелеуге үйрету; аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру дағдыларын дамыту Күтілетін нәтиже: Орындайды: 20-25 см биіктікке секіруді; Түсінеді: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіруді; Қолданады: ойын шарттарын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық қабырға. "Ұядағы құстар" шарты: балалар ұядағы құстар сияқты отырады. Нұсқаушының белгісі бойынша орындарынан тұрып "ұшады", жерге "қонады", "секектеп жүреді".	1	23.11.21

37	Еңкіс тақтайдың үстімен жүру	Балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру икемділіктері мен сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен аттап, секіруде аяқ, табан бұлыш еттерін және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруда көзбен өлшеу, дәлдеу қабілетін дамыту; саптан қатарға, қатардан сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру; қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; жаттығу жасауға қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: еңкіс тақтайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан (жолақтар арақашықтығы 50 см) Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: жаттығу жасауға қызығушылықтары мен белсенділіктерін.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, еңкіс тақтай, кедергі жолақтар, доптар, кішкентай таяқшалар "Аю қалай жүгіреді?" шарты: Балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Нұсқаушы жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймаңдап жүгіре бастайды. Нұсқаушы балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру 5 керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	1	24.11.21
38	Тепе-теңдікті сақтайық	Балаларды қатарға екеуден тұруға; допты алысқа дәлдеп лақтыру(3,5–6,5 м кем емес); сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; допты аяқтарымен бір-біріне домалату дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: допты алысқа дәлдеп лақтыру(3,5–6,5 м кем емес); Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: допты аяқтарымен бір-біріне домалату дағдыларын жетілдіруді.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар. Бала санына байланысты таяқшалар. "Кедергілерден оңай өтеміз" шарты: Әр топ алдында түрлі кедергілер тұрады. Кедергілерден балалар "жылан" тәрізді жорғалап өту керек. Белгілеген межеге дейін қай топтың балалары толықтай жетсе, солар жеңіске жетеді.	1	26.11.21
39	Досқа нені үйретемін?	Балаларды аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға; көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруге үйрету; қатарға екеуден тұру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар допты алысқа дәлдеп лақтыру іскерліктерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: аяқтың ұшымен тұруды; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруге үйретуді.	музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, көлбеу тақтай, баскетбол добына арналған тор, доптар. Бала санына байланысты таяқшалар. "Баскетбол" шарты: Балаларды екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру керегін айтады. Қай топ балалары допты дұрыс және көп лақтырады, сол топ жеңеді.	1	30.11.21

40	«Менің Қазақстаным» Төрт тазандап еңбектеу	Балаларды мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; мәдени-тазалық дағдылары мен белсенділіктерін арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: мәдени-тазалық дағдылары мен белсенділіктерін арттыруды; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелерін.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай жалаушалар, көк жалау, кішкентай таяқшалар "Көк жалау"шарты: Нұсқаушы екі команда екі жақтағы шекарада болу керектігін айтады. Нұсқаушының қолында бір жалау болады. Бір команда балалары "мемлекет", екінші команда балалары "ру" болады. "Ру" мемлекет болуы үшін қарсыдағы мемлекеттің туын алу керек. Егер алса, мемлекет құлайды, ала алмаса, мемлекетке бағынады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай ойнайды, сол команда жеңген болып есептеледі.	1	03.12.21
21	Нан бар жерде Ұн бар	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын жетілдіру; балаларда бөрененің үстімен сенімді жүру; допты лақтырып, ұтып алу дағдыларын бекіту; оқу қызметін нысықтау; ептілікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Орындайды: сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын; Түсінеді: негізгі қимыл түрлерін; Қолданады: ептілікке, шапшаңдылық дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, бөрене, доптар. Бала санына байланысты доптар, түлкі және балапандар бетпердесі. "Балапандар" қимыл ойыны. 3 Балалар "балапандар" бөрененің үстінде тұрады. Ал, залдың ортасында "түлкі" (жүргізуші) жүгіріп жүреді. Түлкі басқа бұрышқа жүгіргенде, балапандар төмен қарай түсіп, секіруді жалғастырады. Түлкі жақындаған кезде, балапандар бөрененің үстіне қайтадан шығулары керек. Түлкі баяу балапандарды ұстап алады да, орындыққа отырғызады. Баяу балапандар саны 4-5-ке жеткенде, ойын жаңадан басталып, жаңа "түлкі" таңдалады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Педагог балаларды белсенді секіруге және түлгіден қорықпауға шақырады.	1	19.10.21
22	Торғай секіреді	Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқты қайшылап отырып тұрып домалату дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орташа доп, кішкентай доптар "Торғай" қимылды ойыны Педагог: - Балалар, қазір менің артымнан жүре отырып, мен жасаған қимылды сендер де қайталап жасайсыңдар. Мен алдымен қимылды жасап көрсетейін, сендер ненің қимылы екенін табу үшін мұқият қарап алыңдар. - Ненің қимылы екен, балалар? - Торғайдың. - Жарайсыңдар, балалар! Педагог балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, шеңбер бойымен жүріп келе жатып, торғай сияқты секіріп, тағы да жүріп келе жатып, торғай сияқты жем шоқығандай жерге отыра қалып, бастарын төмен ию керектігін түсіндіреді. Торғайдың қимыл әрекетін педагог өзі көрсетіп, балалармен бірге ойнайды	1	22.10.21

23	Екі аяқпен секіреміз	Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам және баяу қарқында жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету; допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: балалар алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді; Түсінеді: допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын; Қолданады: әртүрлі бағыттарда, жылдам және баяу қарқында жүгіру дағдысын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар, бөрене. Бала санына байланысты гимнастикалық шеңберлер. "Құстар мен мысық" Балалар "құстар" болады, бөрененің үстінде тұрады. Ал бір бала "мысық" болады. Мысық ұйқыға кеткен кезде, "құстар" орындықтан түсіп, көңілді секіреді. Мысық оянып, құстарды ұстап алуы керек. Ұсталынған бала, "мысық" болады	1	25.10.21
24	Торғай секілді секіреміз	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту; оқу қызметін пысықтау. Күтілетін нәтиже: Орындайды: негізгі қимыл түрлерін ; Түсінеді: жаттығулардың маңыздылығын; Қолданады: өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, қуыршақ Дана, интербелсенді тақта, доптар, кішкентай текшелер. Бала санына байланысты кішкентай текшелер. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны. – Балалар, тағы да ойынды екі топпен орындаймыз. Қазір сендерге допты қалай лақтыру керек екенін көрсетемін, допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруымыз керек. Музыка әуенімен тезірек жүгіріп лақтырамыз.	1	26.10.21

25	Жомарт қораз	Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысына үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: дене қыздыру жаттығуларын ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: қажетті құрал-жабдықтарды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай кубиктер "Қоян" қимылды ойыны Педагог: - Балалар, кім қоян болғысы келеді екен? Сәбізді қалай жейді екен, қалай секіреді екен, қоян сияқты қалай жүгіреді екен, маған ойын кезінде көрсетіңдерші! - деп, балаларды ойынның алдында белсендендіріп алады да ойын кезінде өзі басшылық жасап отырады. Педагог балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп кеп, сәбізді жегендей қимыл көрсету керектігін және жүру керектігін тағы да балалардың есіне салады. Қоян сияқты жүру техникасын педагог өзі көрсетіп, балалармен бірге ойнайды.	1	29.10.21
26	«Дені саудың жаны сау»	Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын; Түсінеді: алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын Қолданады: қораз қанаттарын қағу қимылын ;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай текшелер, жалаулар, гимнастикалық тақтай, сылдырмақ. Бала санына байланысты кішкентай текшелер. "Еңбектейік қане біз" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында, белгілі арақашықтықта бір жалаудан тұрады. Балалар еңбектеп жалауға дейін жету керек. Қай топтың балалары бірінші болып, түгелдей жалауға дейін еңбектеп жетсе сол топтың балалары жеңіске жетеді. Педагог балаларды сылдырмақты сылдыратып сапқа тұрғызады. Балалар бірінің артынан бірі тұрып, тыныс алу жаттығуларын тек педагогтің көрсетуі бойынша үндемей орындайды.	1	01.11.21

27	Өрмекші секілді өрмелейік	Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; балаларды епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Орындайды: жаттығуларды рет-ретімен ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: мәдени-гигиена дағдыларын орындауда дербестік танытады;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай текшелер, кеглилер, гимнастикалық тақтай, сылдырмақ. Бала санына байланысты кішкентай текшелер. "Өрмекші секілді өрмелейік" қимылды ойыны. Балалардың назарын бейнежазбаға аудару. – Балалар, бейнежазбада не көріп тұрсыңдар? Бұл өрмекші. – Өрмекші не істеп жатыр? Қабырғаға өрмелеп жатыр. – Сендер өрмекші секілді өрмелей аласыңдар ма? Олай болса қазір біз соны тексеретін боламыз. Педагог балаларды бірнеше топқа бөледі. Әр топтың алдында кегли тұрады. Балалар педагогтің белгі беруі бойынша кеглиге дейін өрмелеп жету керек. Әр топтан қай бала бірінші еңбектеп жетсе, жеңіске жетеді.	1	02.11.21
28	Машина зырылдап жүреді	Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру Түсінеді: шеңберден сапқа ауысуды; Қолданады: сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай кубиктер, екі үлкен құрсау кішкентай кубиктер. "Мысық пен торғайлар" Педагог: - Балалар, бұл ойын сендерге таныс, енді сендер есейіп қалдыңдар, жылдамдықтарың бұрынғыдан да арта түсті. Сондықтан осы жолы бұрынғыданда керемет ойнайсыңдар деп сенемін. Педагог балаларды екі үлкен құрсауға тұрғызып, торғай болатындарын және мысықтың оларды аңдып, ұстап алса, жеп қоятындарын айтады. Педагог "Торғайлар серуенде" дегенде екі құрсаудағы балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қап "жем" шоқи бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық" дегенде торғайлар құрсауларға қашып кірулері керек. Үлгере алмаса, мысықтың "жем" болады.	1	05.11.21

29	Рүлімізді бұрайық	Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүруді ; Түсінеді: таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеуді; Қолданады: өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық шеңберлер, сылдырмақ, тақтай, гимнастикалық таяқ. Бала санына байланысты гимнастикалық шеңберлер, қызыл, сары және жасыл түсті белгілер. "Бағдаршам" қимылды ойыны. – Суретте не көріп тұрсыңдар? Балалар жолдан өтіп жатыр. – Ал бұл не? Бұл бағдаршам. – Бағдаршам не үшін керек? Жол жүру ережелерін реттеу үшін. Тамаша. – Бағдаршамның неше түсі бар? Бағдаршамның үш түсі бар. Кім атап береді? – Айта ғой, Азат. Иә, дұрыс айтасың. Бағдаршамның қызыл, сары және жасыл түстері бар. Жарайсың! Педагог балаларды үш топқа бөледі. Әр топ баласына қызыл, жасыл немесе сары түстен таратып береді. Адымдап жүреді. Педагог "Жасыл" деген кезде, қолдарында жасыл түсі бар балалар белгілерін көтереді. Адымдауын тоқтатады. Дәл солай педагог басқа түстерді атағанда, адымдауды жалғастырады.	1	08.11.21
----	-------------------	---	---	---	----------

30	Машина көшеде зырылдап барады	Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіруді ; Түсінеді: гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өтуді; Қолданады: ; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық шеңберлер, доптар. Бала санына байланысты гимнастикалық шеңберлер. "Көлік пен торғайлар" Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр. Абай болыңдар" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.	1	09.11.21
31	Сұр көзек	Балаларға бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп сапта еркін жүгіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін; еденде жатқан тақтамен өрмелеу; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. Балаларды жолдастық қарымқатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: негігі қимылдарды; Түсінеді: жаттығуды дұрыс орындау керектігін; Қолданады: жолдастық қарымқатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орамалдар. Бала санына байланысты орамалдар. «Кім тез жүгіреді?» Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызады, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай тез жүгірсе, сол топ жеңген болып есептеледі.	1	12.11.21

32	Қоян секілді секірейік	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жалпақ құрсау. Бала санына байланысты орамалдар. "Межелі орын" Педагог балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында кеглилерден кедергі тұрады. Балалар кедергілерден төрттағандап еңбектеу арқылы педагог белгілеген межелі орынға дейін жету керек. Ең бірінші болып кедергілерден өткен топ жеңіске жетеді.	1	15.11.21
33	Еркін жүгіреміз	Балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру Күтілетін нәтиже: Орындайды: сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын; Түсінеді: негізгі қимыл түрлерін; Қолданады: құрсауға секіру дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жалпақ құрсау. Бала санына байланысты орамалдар. "Кім тез жүгіреді?" Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қимылдатып, еркін жүгіру керегін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керегін тағы да естеріне салады. Екі топта балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі.	1	16.11.21

34	Бауырсақ әлемі	Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орамалшалар . "Кім тез жүгіреді?" Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	1	19.11.21
35	Бауырсақ секілді көңілді жүреік	Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: жалпы дамыту жаттығуларын; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, әртүрлі кедергілер, "түлкі" бетпердесі. Бала санына байланысты "бауырсақ" бетпердесі. "Бауырсақ пен түлкі" қимылды ойыны. Балалар алаңда "бауырсақтар" болып еркін жүгіріп жүреді. Педагог "түлкі" болады. Педагогтің "Түлкі келе жатыр" деген белгісінен кейін балалар жан-жаққа жүгіре бастайды. Түлкі бауырсақтарды ұстап алуы керек. Әр ұстап алған баланы, арнайы таңдалған орындыққа отырғызады. Ойын 3-4 айналымды 4 құрайды.	1	22.11.21

36	Жылан тәрізді болайық	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеуді ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: керекті құрал жабдықтарды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, сылдырмақ. Бала санына байланысты орамалдар. "Жылан тәрізді болайық" Әр бала орындықта отырады. Балалардан 3-4 м жерде, еденде сылдырмақ жатады. Есімі аталған бала педагог белгілеген жерге дейін жорғалап баруы керек. Сылдырмақты қолына алып, бір-екі рет сылдырлатады да, қайтып орнына келеді.	1	23.11.21
37	Ұйқыдағы аю	Балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін дамыту; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: таяқ астынан тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеу ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: тізе мен саусаққа тіреп төрт тағандап еңбектеуді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай жалаушалар. "Аю қалай жүгіреді?" қимылды ойыны Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгіру кезінде "Аю қалай жүгіреді?" дегенде балалар аюдың кейпіне түсіп, маймаңдап жүгіре бастайды. Педагог балаларға қандай жүгіру түрі болмасын арақашықтықты сақтап, жүгіру керектігін түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	1	26.11.21

38	Қорбаңдаған аю	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру дағдыларын дамыту; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін жетілдіру; балалардың бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: бір бағытта бір-бірімен соқтығыспай жүру және жүгіруді ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: керекті құрал жабдықтарды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, сылдырмақ, гимнастикалық таяқ. Бала санына байланысты жалаушалар. "Қорбаңдаған аю" қимылды ойыны. балалар бір қатарда, аю болатын бала қарама-қарсы жақта тұрады. Балалар тақпақты айтып аюға қарай жүреді. Балды жақсы көреді, Аю деген жануар. Қорбаңдап ол жүреді, Аю деген жануар. Осыдан кейін аю ойыншылардың артынан жүгіреді, ал олар одан үйге қашады. Аю ұсталған баланы апанға апарады. Ойын қайта басталады. Аю 2-3 баланы ұстағаннан кейін, екінші бала "аю" болып тағайындалады.	1	29.11.21
39	Бағытты өзгертіп жүгіреміз	Балаларда сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу қабілетін нысықтау. Күтілетін нәтиже: Орындайды: негізгі қимылдарды ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: қол мен аяқ қозғалыстарын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық таяқ, даңғара. Бала санына байланысты орамалдар. "Белгіні тыңда" Мақсаты: жүрудің әртүрлі түрлерін жаттықтыру. Барысы: балалар қатар бойымен жүреді, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың ішкі дағымен, сыртқы жағымен жүреді.	1	30.11.21

40	Мен чемпион боламын!	Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты ашақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты ашақ ұстаған қалпында допты домалату ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: допты екі қолымен көкірек тұсынан қағып алуды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, қақпа, доптар. Бала санына байланысты жалаулар. "Допты кері лақтыр" Мақсаты: допты дәл лақтыру және ұстап алу. Барысы: балалар екі қатарға тұрады. Бірінші қатардағы балалардың қолдарында бір доптар. Олар қарама-қарсы қатардағы балаларға доптарды лақтырады. Допты құлату саны ең аз болатын топ жеңіске жетеді.	1	03.12.21
41	«Менің Қазақстаным»	Балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру Күтілетін нәтиже: Орындайды: ж.д.ж рет-ретімен; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруді;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай жалаушалар, көк жалау .кішкентай жалаушалар "Көк жалау" Педагог: - Балалар, бүгінгі ойналатын ойын жаңа болғандықтан ережесін мұқият тыңдап алыңдар -деп, балаларды екі командаға бөліп, бір сызықты белгілейді, екі команда екі жақтағы шекарада болу керектігін айтады. Педагогтің қолында бір жалау болады. Бір команда балалары "мемлекет", екінші команда балалары "ру" болады. "Ру" мемлекет болуы үшін қарсыдағы мемлекеттің туын алу керек. Егер алса, мемлекет құлайды, ала алмаса, мемлекетке бағынады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай ойнайды, сол команда жеңген болып есептеледі. Ойын кезінде жалауға таласып қалмау керектігі ескертіледі. Балалар бұл ойынды алғашқы рет ойнап жатқандықтан әділ төреші педагогтің өзі болады.	1	06.12.21

42	Жайна елім менің!	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын, гимнастикалық орындықтың үстімен жүру техникаларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: оңға және солға адымдап жүруді; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: бір орында тұрып аяқты ауыстырып басып бұрылу дағдысын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жалаулар. Бала санына байланысты доптар. "Көк жалау" Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызықты белгілейді, екі топ екі жақтағы шекарада болу керегін айтады. Педагогтің қолында бір жалау болады. Бір топтың балалары "мемлекет", екінші топтың балалары "ру" болады. "Ру" мемлекет болуы үшін қарсыдағы мемлекеттің туын алу керек. Егер алса, мемлекет құлайды, ала алмаса, мемлекетке бағынады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай ойнайды, сол топ жеңген болып есептеледі. Ойын кезінде жалауға таласып қалмау керегі ескертіледі. Балалар бұл ойынды бірінші рет ойнап жатқандықтан әділ төреші педагогтің өзі болады.	1	07.12.21
43	Қош келдің, Жаңа жыл!	Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникасын дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: екі аяқтап секіру техникасын; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: ойын ережесімен таныстырып және оларды орындау дағдысын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық орындық. Бала санына байланысты доптар. "Ақ қоян". Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Барысы: балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. – Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы, Әдемі көйлек кисеңші. Шеңбердің шетін үзсеңші, - дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.	1	10.12.21

44	Жаңа жыл құтты болсын!	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына жаттықтыру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру және 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау. Күтілетін нәтиже: Орындайды: келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: бір орында тұрып биіктікке секіруді.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, гимнастикалық орындық, жаңа жылдық ойыншықтар. Бала санына байланысты доптар. "Аққалаға көмектесейік". Дене шынықтыру залында әртүрлі жаңа жылдық ойыншықтар жатады. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагогтің белгісі бойынша балалар жерде жатқан ойыншықтарды жинауы керек. Ең бірінші ойыншықтарды жинаған топ жеңіске жетеді. – Жарайсыңдар! Достық жеңді. – Қараңдаршы, Аққала көңілді болып қалды. Сендерге алғысы шексіз. – Енді, аққаланың қайтуы керек. Қане, қоштасайық. Сау болыңыз!	1	13.12.21
45	Жаңа жыл, жаңа нұр!	Балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: алға қарай баспен домалай алу дағдыларын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай доптар, балаларға арналған санта клаус киімдері. кішкентай доптар. "Кім епті?" Педагог: - Балалар, қайсың ептісіңдер? Маған қазіргі ойналатын ойында дәлелдеп беріңдерші! Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру керектігін айтады. Педагог секірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай секіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез секіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	1	14.12.21

46	Допты дәлдеп лақтыр	Балаларды бір-бірінен 1,5 - 2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алашақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Орындайды: тура нысанға лақтыруға үйренуді; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: акробатикалық жаттығуларды.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар. Бала санына байланысты атлас таспа (атласная лента). «Допты кері лақтыр» Мақсаты: допты дәл лақтыру және ұстап алу. Барысы: балалар екі қатарға тұрады. Бірінші қатардағы балалардың қолдарында бір доптан бар. Олар қарама-қарсы қатардағы балаларға доптарын лақтырады. Допты құлату саны ең аз болатын топ жеңіске жетеді.	1	20.12.21
47	Тез адымдап жүреміз	Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алашақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру іскерліктерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: қысқа секіртпе арқылы секіруді; Түсінеді: акробатикалық жаттығуларды өздігінше орындай білу шарттарын; Қолданады: көзбен мөлшерлей алу дағдыларын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай доптар, себет. Бала санына байланысты доптар, бумаашақ "Сыйлықтар" Педагог балаларды бір сапқа тұрғызады. Балалар кезекпен бөрененің үстінен адымдап жүру керек. Соңына жеткен кезде бөрененің екінші жағында балаларға арналған сыйлықтар тұрады. Сыйлық ретінде кішкентай доптарды пайдалануға болады. Әрі қарай ойынды күрделендіру мақсатында кішкентай доптармен ойын ұйымдастыруға болады. Мысалы: кішкентай доптарды жерге шашып тастайды. Балаларды екі топқа бөледі. Әр топтың алдында бір себеттен тұрады. Педагог белгісі бойынша әр топ өз себеттеріне мүмкіндігінше көп доптар жинауы керек. Ең көп доп жинаған топ, жеңіске жетеді.	1	21.12.21

48	Жаңа доп	Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруды; Түсінеді: жаттығуларды өздігінен орындай білу шарттарын; Қолданады: допты лақтыру дағдыларын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай доптар, балаларға арналған санта клаус киімдері кішкентай доптар. "Допты дәлдеп лақтыр" - Балалар, тағы да ойын кезінде екі командамен орындаймыз. Қазір сендерге допты қалай лақтыру керек екеніе көрсетемін, допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруымыз керек. Музыка әуенімен тезірек жүгіріп лақтырамыз. Педагог балаларды екі командаға бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керектігін тағы да балалардың есіне салады. Доп лақтырушы балалар негізгі нүктеден шықпай, допты ережеге сай дәлдеп лақтырулары тиіс. Допты нысанаға дәлдеп лақтырған команда балалары жеңіске жетеді.	1	24.12.21
49	Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші	Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: тізені биікке көтере отырып жүруді үйрену ; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: шаңғымен сырғанау дағдысын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, сылдырмақ. Бала санына байланысты сылдырмақтар. "Секірейік, шаршамайық" – Балалар, сендер бүгін жаттығуды өте жақсы жасасыңдар. – Енді, менімен бірге ойын ойнауға қалай қарайсыңдар? Балалар қуана келіседі. Балалар педагог белгілеген межеге дейін қос аяқтап секіреді. Ең бірінші секіріп, орнына қайтып келген бала жеңіске жетеді.	1	27.12.21

50	Қыста дөңнен сырғанаймыз	Балаларда сап түзеіп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру іскерліктерін жетілдіру; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. Күтілетін нәтиже: Орындайды арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруді; ; Түсінеді: "Жалаушаны әкел" ойынының шартын; Қолданады: дөңнен сырғанау дағдысын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жалауша, әртүрлі кедергілер. Бала санына байланысты сылдырмақтар. "Жалаушаны әкел" қимылды ойыны. Бір топ балаларды жинап алып педагог оларға жалаушаны көрсетеді, онымен ойнауды ұсынады. Педагог кезекпен кімнің жалаушаға баратынын айтады да балалардың әрқайсысының кедергіден дұрыс аттап өтуін бақылайды. Орындықтан жалаушаны алғаннан кейін бала сол жолмен кері қайтады. Балалардың барлығы жалаушамен оралғаннан кейін педагог жалаушаларды көтеріп, маришпен жүріп өтуді ұсынады. (педагог ритммен қолын соғады немесе бір-екі, бір-екі деп дауыстап тұрады) Одан кейін ойын балалардың басқа тобымен жүргізіледі.	1	28.12.21
51	Сырғанаймыз шанамен	Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын ; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: шанамен сырғанау дағдысын.	"Чемпион" Педагог: - Балалар, мына еңкіс тақтайдың үстімен жүріп, биік басына жеткенде "Мен чемпион" деп, айту керек. Кім батыл болып, шыққысы келеді? Кәне, балалар, келіңдер? 4 Педагог балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, еңкіс тақтайдың үстімен жүріп, биік басына жеткенде "Мен чемпион" деп, айту керектігін түсіндіреді. Еңкіс тақтайдың үстімен жүріп жүру техникасын педагог өзі көрсетіп, балалармен бірге ойнайды.	1	03.01.22

52	« Табиғат әлемі»	Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде епті болуға тәрбиелеу; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын ; Түсінеді: негізгі жаттығуларды өздігінше орындай білу шарттарын; Қолданады: тепе-теңдікті сақтау дағдыларын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, сылдырмақ, доптар, құрсаулар. Бала санына байланысты сылдырмақтар. "Ұстап үлгер" Педагог балаларды 3 топқа бөледі. Әр топ шеңбер болып тұрады. Әр шеңбердің ішінде бір "жүргізуші" тұрады. Балалар допты бір-біріне лақтырады. "Жүргізуші" допты ұстап алу керек. Егер ол допты ұстап алса, ол допты сәтсіз лақтырған ойыншымен ауысады.	1	04.01.22
53	Ақшақарлар секілді билейміз	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру іскерліктерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруді ; Түсінеді: "Ұстап үлгер" ойынының шартын; Қолданады: бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру іскерліктерін.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, сылдырмақ, доптар, қиғаш тақтай . Бала санына байланысты сылдырмақтар. "Ұстап үлгер" қимылды ойыны. Педагог балаларды 3 топқа бөледі. Әр топ шеңбер болып тұрады. Әр шеңбердің ішінде бір "жүргізуші" тұрады. Балалар допты бір-біріне лақтырады. "Жүргізуші" допты ұстап алу керек. Егер ол допты ұстап алса, ол допты сәтсіз лақтырған ойыншымен ауысады.	1	07.01.22

54	Ақшақарлар билейді	Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын; Түсінеді: ойын шарттарын; Қолданады: шеңберден сапқа ауысу дағдыларын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай сылдырмақтар кішкентай сылдырмақтар. "Чемпион" Педагог: Балалар, мына еңкіс тақтайдың үстімен жүріп, биік басына жеткенде "Мен чемпион" деп, айту керек. Кім батыл болып, шыққысы келеді? Кәне, балалар, келіңдер? Педагог балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, еңкіс тақтайдың үстімен жүріп, биік басына жеткенде "Мен чемпион" деп, айту керектігін түсіндіреді. Еңкіс тақтайдың үстімен жүріп жүру техникасын педагог өзі көрсетіп, балалармен бірге ойнайды.	1	10.01.22
55	Аю ұйықтағанды жақсы көреді	Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеуге үйрету; өрмелеу кезінде епті, жылдам болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Орындайды: әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдыларын дамытуды ; Түсінеді: доғаның астымен өрмелеуді; Қолданады: екі қолмен қағып алу дағдыларын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, қасқыр, аю, түлкі және қоян суреттері, доға. Бала санына байланысты орамалдар. "Кім жылдам?" . Педагог балаларды екі қатарға тұрғызады. Педагог белгісі бойынша балалар, белгіленген межеге дейін жүгіру керек. Қай қатардың балалары бірінші болып, толықтай межеге дейін жүгіреді. Сол топ жеңіске жетеді.	1	11.01.22

56	Жануарлар қалай қыстайды?	Балаларда допты алысқа лақтыруда бастапқы тұрған қалыпты қабылдау және бөрененің үстімен тез адымдап жүру техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау; жануарлардың қысқы тіршілі туралы білімдерін толықтыра отырып, оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: бөрене үстінде жүруді; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: бала санына байланысты орамалдар.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, қасқыр, аю, түлкі және қоян суреттері, бөрене. Бала санына байланысты орамалдар. "Жануарлар жүрісін сал" Педагог балаларға жануарлардың суреттерін интербелсенді тақтадан көрсетеді. 4 – Балалар, аю қалай жүреді? Балалар аюдың жүрісін салып көрсетеді. Дәл осылай педагог жануарлардың суреттерін көрсетеді. Балалар көрсетілген жануардың жүрісін салып көрсетеді. – Жарайсыңдар! Енді, барлығымыз белгіге дейін қоян секілді секірейік. Педагог балаларды бір қатарға тұрғызып, белгі қояды. Балалар белгіге дейін секіріп жетулері керек.	1	14.01.22
57	Маубас аю	Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға үйрету; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін; Түсінеді: ойынның шарттарын; Қолданады: допты лақтыру дағдыларын.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орамалшалар. "Допты дәлдеп лақтыр" - Балалар, тағы да ойын кезінде екі командамен орындаймыз. Қазір сендерге допты қалай лақтыру керек екеніе көрсетемін, допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруымыз керек. Музыка әуенімен тезірек жүгіріп лақтырамыз. Педагог балаларды екі командаға бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керектігін тағы да балалардың есіне салады. Доп лақтырушы балалар негізгі нүктеден шықпай, допты ережеге сай дәлдеп лақтырулары тиіс. Допты нысанаға дәлдеп 4 лақтырған команда балалары жеңіске жетеді.	1	17.01.22

58	Біз құстарды аялаймыз!	Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникаларын жетілдіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларына үйрету. Күтілетін нәтиже: Орындайды: жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын ; Түсінеді: жаттығуларды өздігінше орындай білу шарттарын; Қолданады: бала санына байланысты жалаушалар.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кедергілер, гимнастикалық қабырға Бала санына байланысты жалаулар. "Кедергілерден оңай өтеміз" Педагог балаларды екі топқа бөледі. Әр топ алдында түрлі кедергілер тұрады. Кедергілерден балалар "жылан" тәрізді еңбектеп өту керек. Педагог белгілеген межеге дейін қай топтың балалары толықтай жетсе, солар жеңіске жетеді.	1	18.01.22
59	Құстарға жем шашайық	Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Орындайды: сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын ; Түсінеді: ойынның шартын; Қолданады: бала санына байланысты жалаулар, мысық және торғайлар бетпердесі.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, жыланның атрибуты, гимнастикалық шеңбер, гимнастикалық қабырға, арқан. Бала санына байланысты жалаулар, мысық және торғайлар бетпердесі. "Мысық пен торғайлар" Педагог: – Балалар, бұл ойын сендерге таныс, енді сендер есейіп қалдыңдар, жылдамдықтарың бұрынғыдан да арта түсті. Сондықтан осы жолы бұрынғыдан да керемет ойнайсыңдар деп сенемін. Педагог балаларды екі үлкен гимнастикалық шеңберге тұрғызып, торғай болатындарын және мысықтың оларды аңдып, ұстап алса, жеп қоятындарын айтады. Педагог "Торғайлар серуенде" дегенде екі гимнастикалық шеңбердегі балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қалып "жем" шоқи бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық" деп айтады, ал торғайлар гимнастикалық шеңберге қашып кірулері керек. Үлгере алмаса, мысыққа "жем" болады.	1	21.01.22

60	Суық торғай	Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын; ; Түсінеді: тыныс алу жаттығуларын орындай білу шарттарын; Қолданады: дене шынықтыруға арналған киімдер.	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, орамалшалар, жыланның атрибуты орамалшалар Мысық пен торғайлар" Педагог: - Балалар, бұл ойын сендерге таныс, енді сендер есейіп қалдыңдар, жылдамдықтарың бұрынғыдан да арта түсті. Сондықтан осы жолы бұрынғыданда керемет ойнайсыңдар деп сенемін. Педагог балаларды екі үлкен құрсауға тұрғызып, торғай болатындарын және мысықтың оларды аңдып, ұстап алса, жеп қоятындарын айтады. Педагог "Торғайлар серуенде" дегенде екі құрсаудағы балалар шығып, қанаттарын қағып, жерге отыра қап "жем" шоқи бастайды. Мысық пайда болған кезде педагог "Мысық" дегенде торғайлар құрсауларға қашып кірулері керек. Үлгере алмаса, мысықтың "жем" болады.	1	24.01.22
61	Кірпі қалай жүреді?	Балаларды нық қадаммен алға жүруге; әртүрлі бағыттарда жүгіруге; допты көлденең нысанаға лақтыруға үйрету; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: әртүрлі бағыттарда жүгіруді; Түсінеді: нық қадаммен алға жүруді; Қолданады: допты көлденең нысанаға лақтыруды;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, баскетбол добына арналған тор, доптар. Бала санына байланысты кішкентай текшелер. "Допты дәлдеп лақтыр" - Балалар, бұл ойынды тағы да екі топпен орындаймыз. Қазір сендерге допты қалай лақтыру керек екенін көрсетемін, допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруымыз керек. Музыка әуенімен тезірек жүгіріп лақтырамыз. Педагог балаларды екі топқа бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керегін тағы да балалардың есіне салады. Доп лақтырушы балалар негізгі нүктеден шықпай, допты ережеге сай дәлдеп лақтырулары тиіс. Допты нысанаға дәлдеп лақтырған топтың балалары жеңіске жетеді.	1	25.01.22

62	«Бізді қоршаған әлем»	Балаларды бір аяқтан бір аяққа секіруге; допты алысқа лақтыруға үйрету; нық қадаммен алға жүру, қимылды ойын арқылы балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдыларын дамыту; дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: бір аяқтан бір аяққа секіруді; Түсінеді: қимылды ойынды; Қолданады: шапшаңдық, икемділік дағдыларын;	Дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, доптар. Бала санына байланысты кішкентай текшелер. "Көңілді секіреміз" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Ойын жарыс түрінде өтеді. Балалар педагог белгілеген межеге дейін бір аяқтан бір аяққа секіріп жетуі керек. Белгіленген межеге жеткен кезде, еркін жүгіріп орындарына қайтады. Қай топтың балалары толықтай жүгіріп келеді, сол топ жеңіске жетеді.	1	28.01.22
63	Домаланған кірпі	Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Орындайды: сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруді; Түсінеді: саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын; Қолданады: қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын.	дене шынықтыруға арналған киімдер, музыкалық аппаратура, интербелсенді тақта, кішкентай кубиктер кішкентай кубиктер. "Допты дәлдеп лақтыр" Балалар, тағы да ойын кезінде екі командамен орындаймыз. Қазір сендерге допты қалай лақтыру керек екеніе көрсетемін, допты жеңіл ұстап, дәлдеп лақтыруымыз керек. Музыка әуенімен тезірек жүгіріп лақтырамыз. Педагог балаларды екі командаға бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керектігін тағы да балалардың есіне салады. Доп лақтырушы балалар негізгі нүктеден шықпай, 4 допты ережеге сай дәлдеп лақтырулары тиіс. Допты нысанаға дәлдеп лақтырған команда балалары жеңіске жетеді.	1	31.01.22

